



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 11 қыркүйек

### **Д. Ақышев- Инфляция 2018 жылғы қаңтар-тамызда 2,9% болды, бұл өткен жылғы осындай кезеңнің көрсеткіштерінен төмен**

Инфляция 2018 жылғы қаңтар-тамызда 2,9% болды, бұл өткен жылғы осындай кезеңнің көрсеткіштерінен төмен. Жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда тамызда 6,0%-ға дейін баяулады. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің «Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республикалық бюджеттің орындалуының 2018 жылғы 8 айдағы қорытындылары туралы» отырысында сөз сөйлеген кезде айтып берді.

Ол халық арасында сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша тамызда бір жыл алға күтілетін инфляцияны сандық бағалау ағымдағы жылдық инфляция деңгейімен іс жүзінде теңесіп, 5,9% деңгейінде екендігін атап өтті.

«Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалауы бойынша, ағымдағы жылы инфляция 5-7% нысаналы дәлізде сақталады. Алайда соңғы бірнеше айда инфляцияның Ұлттық Банк осыған дейін бағалағанынан баяу төмендеу тәуекелдері өсті. Инфляция 2019 жылы нысаналы дәліздің жоғары шегіне жуық қалыптасады, оны Қазақстан Ұлттық Банкі 4-6% деңгейінде айқындады. Бұл сыртқы факторлар әсеріне, сондай-ақ ішкі жиынтық сұраныстың кеңеюіне байланысты. Осыған орай инфляцияны нысаналы дәлізде сақтау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет», - деді Д.Ақышев.

Ол жыл басынан бастап базалық мөлшерлеменің 10,25%-дан 9%-ға дейін төмендетілгенін атап өтті. Егер инфляция тәуекелі бойынша бағалау дұрыс болса, Қазақстан Ұлттық Банкі жыл соңына дейін ақша-кредиттік талаптардың қатаңдауын жоққа шығармайды.

### **Қазақстан Ұлттық Банкі теңгенің ресми бағамын қалыптастыруға арналған тәсілді өзгертті**

Валюта нарығында теңге бағамы жыл басынан бері 10 қыркүйек аралығында 13,8%-ға әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 378,11 теңге болды. Ресей рублінің жыл басынан бері 22%-ға құлдырауынан басқа дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына елеулі әлсіреу факторы теңге бағамына әсер етуде. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы Д. Ақышев ҚР Үкіметінің «Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республикалық бюджеттің орындалуының 2018 жылғы 8 айдағы қорытындылары туралы» отырысында сөз сөйлеген кезде айтып берді.

Ол жыл басынан бастап Аргентина песосы 2 есе, Түрік лирасы 69%-ға, Бразилия реалы 23%-ға, Оңтүстік Африка ранды 23%-ға, Үнді рупийі 12%-ға, Қытай юані 5%-ға әлсірегенін атап өтті.

«Қазақстан Ұлттық Банкі валютаға сұраныс оған ұсыныстан айтарлықтай асқанда бағам ауытқуын реттейді, алайда тұтастай алғанда, іргелі үрдіске кедергі келтірмейді.

Ағымдағы кезде бұл бағамның құбылуына әкеледі, ал ұзақ мерзімді аралықта макроэкономикалық тұрақтылықты және төлем балансының орнықтылығын қамтамасыз етеді. Ағымдағы жағдай қаржылық тұрақтылыққа және банктердегі ахуалға қауіпті емес», - деді Д. Ақышев.

Ол сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің 2018 жылғы 10 қыркүйектен бастап теңгенің ресми бағамын қалыптастыруға арналған тәсілін өзгерткенін хабарлады. Енді ресми бағам Қазақстан қор биржасындағы T+1 есеп айырысу мерзімдерімен негізгі және қосымша сессиялардың қорытындылары бойынша белгіленеді. «Бұл тәсіл халықаралық практикаға толығымен сәйкес келеді. Кешегі сауда-саттық қорытындылары жаңа есеп айырысуға өтудің табысты екендігін және нарыққа қатысушыларға ыңғайсыздық туғызбағанын көрсетті», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

#### **Д. Ақышев кредиттеуді одан әрі ынталандыру туралы айтып берді**

Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша тамыздың соңында 30,8 млрд. АҚШ доллары, Ұлттық қордың активтері 56,5 млрд. АҚШ доллары болды. Жалпы халықаралық резервтер 87,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы Д. Ақышев ҚР Үкіметінің «Әлеуметтік-экономикалық дамудың және республикалық бюджеттің орындалуының 2018 жылғы 8 айдағы қорытындылары туралы» отырысында баяндама жасаған кезде айтты.

Д. Ақышевтың айтуы бойынша, 7 айда депозиттер 3,6%-ға ұлғайып, шілденің соңында 18,1 трлн. теңге болды. 2018 жылғы 7 айда Ұлттық валютадағы депозиттер 8,4% немесе 766 млрд. теңгеге өсті. Шетел валютасындағы депозиттер 1,5%-ға немесе 128 млрд. теңгеге қысқарды. Нәтижесінде, депозиттердің долларлануы жыл басындағы 48%-дан шілдеде 45%-ға дейін төмендеді.

«Кредиттеу нарығы қалпына келуде. Банктердің кредиттері шілденің соңында 13 трлн теңге болды. Статистика банктердің кредиттік портфелінің өзгермейтінін көрсетсе де, сапалы өзгерістер болуда», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы.

Сонымен қатар Д. Ақышев бірқатар банктердің жабылуы және жекелеген институттардың қалыпқа келуі нәтижесінде кредиттік портфель 1,2 трлн теңгеге қысқарғанын атап өтті. Бұл институттардың кредиттері енді есептілікте көрсетілмейді. Алайда, басқа банктер кредиттік портфелін 1,4 трлн теңгеге өсірді.

«2018 жылғы 7 айда берілген кредиттердің көлемі 28% немесе 1,6 трлн теңгеге ұлғайды. Кредиттердің негізгі бөлігі теңгемен беріледі. Кәсіпорындарға теңгемен берілген кредиттер бойынша мөлшерлеме 12,4%-ға дейін төмендеді», - деп хабарлады ол.

Д. Ақышев Қазақстан Ұлттық Банкі кредиттеуді одан әрі ынталандыру бойынша бірқатар бастаманы іске асыруда екендігін атап өтті.

7-20-25 бағдарламасын іске асыру мәселелеріне қатысты Д. Ақышев екі айдан аз уақытта 18 млрд теңгеге өтінім мақұлданығанын айтты. Бұл бағдарламаның кредиттеудің жылына 200 млрд теңгеге өсу мүмкіндігін растайды. Тиісінше, банктер 5 жыл ішінде 1 трлн теңге ипотекалық кредиттер бере алады, бұл банктердің ипотекалық портфелін екі есе арттырады.

«Бастаманың біреуі - БЖЗҚ қаражатын орнықты банктердің облигацияларын сатып алу үшін абайлап пайдалану. Банктер БЖЗҚ-ның салыстырмалы түрде көп емес қаражатты нарық ставкасы бойынша ашық негізде алады», - деді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасы.

Сондай-ақ Д. Ақышевтың айтуынша, банктерді қалыпқа келтіру бағдарламасы кредиттеуді одан әрі ынталандыруға ықпал етеді, ол кезде мемлекеттің қатысуының орнына акционерлер 1-ге 2 пропорцияда толық капиталдандыруға тиіс. Банктер алған қаражат «нашар» кредиттерді есептен шығаруға жұмсалды, бұл оларға экономиканы

кредиттеу үшін қаржыны босатуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде 1,3 трлн теңге қайта қаржыландырылды, оның 500 млрд теңге сомасына жаңа кредит берілді.

«Тәуекелге бағдарланған қадағалауды ендіру шеңберінде қалыпты банктер үшін 2019 жылдан бастап жеңілдіктер қолданылады. Халықаралық нарықтардан қаражат тартуды шектеу бойынша кейбір нормативтердің күші жойылды. Банктерді қорландыруды ұзартатын жинақ депозиттері енгізілді. МЖК дамыту үшін жобаларға қатысатын кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін банктердің кредиттерін белсенді пайдалану мәселесі шешілді», - деп атап өтті сөзінің соңында Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)